

«ОРТАЛЫҚ» Өндіруші кәсіпорны» ЖШС	Шығарылым: 2.0	Барлығы 6 бет _____ бет
«ОРТАЛЫҚ» Өндіруші кәсіпорны» ЖШС Омбудсмені туралы ЕРЕЖЕ	Көшірме № _____	

*"ОРТАЛЫҚ" Өндіруші кәсіпорны " ЖШС
Байқаушы кеңесінің 07 сәуір 2017 жылғы
шешімімен екітілген (№85 Хаттама)
Байқаушы кеңесінің 17.06.2022 жылғы
шешімімен өзгерістер мен
толықтырулар енгізілді (№18/22 Хаттама)*

"ОРТАЛЫҚ" ӨНДІРУШІ КӘСІПОРНЫ" ЖШС ОМБУДСМЕНІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Өзгерістерді тіркеу							
№	№	Беттердің номерлері				Қолы	Күні
		Өзгертілген	Ауыстырылған	Жаңа	Жойылған		
1	2	3	4	5	7	8	9
1							
2							
3							
4							
5							

Келісілді	Бас директор	_____ Умирбеков А.Е.	«__» _____ 2017ж.
Келісілді	ТҚ, РҚ және ҚОҚ бойынша Бас техникалық басшы	_____ Байрханов С.С.	«__» _____ 2017ж.
Келісілді	Персоналды басқару бөлімінің бастығы	_____ Абубакир Э.А.	«__» _____ 2017ж.
Келісілді	СМК жауапты	_____ Кабатаева А.А.	«__» _____ 2017ж.
Тексерілді	Менеджер АХУ	_____ Турмаганбетова Г.Ж.	«__» _____ 2017ж.
Өзірленді	Заң қызметінің бастығы	_____ Құрманбай А.С.	«__» _____ 2017ж.

Шымкент, 2017 жыл

«ОРТАЛЫҚ» Өндіруші кәсіпорны» ЖШС	Шығарылым: 2.0	Барлығы 6 бет _____ бет
«ОРТАЛЫҚ» Өндіруші кәсіпорны» ЖШС Омбудсмені туралы ЕРЕЖЕ	Көшірме № _____	

Мазмұны

№	Бөлімнің атауы	Бет
1.	Ұғымдар мен терминдер	2
2.	Ереженің мақсаты	3
3.	Ереженің қолданылу аясы	3
4.	Жалпы ережелер	3
5.	Омбудсменді тағайындау және қызметінен босату тәртібі	3
6.	Омбудсменнің міндеттері	4
7.	Омбудсменнің қызметтері	4
8.	Омбудсменнің құқықтарымен міндеттері	5
9.	Омбудсменнің қызмет тәртібі	6

1. Ұғымдар мен терминдер

Осы Ережеде келесі ұғымдар мен терминдер қолданылады:

- 1) Қатысушылар - «Қазатомөнеркәсібі» ҰАК» АҚ және «CGNM UK Limited; *Байқаушы кеңесінің 17.06.2022 жылғы шешімімен өзгерістер енгізілді (№18/22 Хаттама).*
- 2) Байқаушы кеңес - "ОРТАЛЫҚ" Өндіруші кәсіпорны" ЖШС Байқаушы органы;
- 3) Серіктестік - "ОРТАЛЫҚ" Өндіруші кәсіпорны" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
- 4) Лауазымды тұлғалар - "ОРТАЛЫҚ" Өндіруші кәсіпорны" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі атқарушы органның функцияларын жеке-дара атқаратын адам, сонымен қатар Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің мүшелері;
- 5) Ереже - Серіктестіктің Омбудсмені туралы Ереже;
- 6) Жұмыскер - Серіктестікпен еңбек қатынастарында тұрған және еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындайтын тұлға;
- 7) Омбудсмен - Серіктестіктің Байқаушы кеңесі тағайындайтын, рөлі Серіктестіктің өзіне жүгінген жұмыскерлеріне кеңес беру және еңбек дауларын, жанжалдарды, әлеуметтік-еңбек сипатындағы проблемалық мәселелерді шешуге, сондай-ақ Серіктестік жұмыскерлерінің іскерлік әдеп қағидаттарын сақтауына жәрдемдесу болып табылатын тұлға;
- 8) Корпоративтік мәдениет - бұл Серіктестікке тән құндылықтар, қағидаттар, мінез-құлық нормалары мен қатынастар;
- 9) Корпоративтік басқару кодексі - Серіктестіктің корпоративтік басқару кодексі;
- 10) Корпоративтік әдеп кодексі - Серіктестіктің корпоративтік әдеп кодексі;
- 11) Корпоративтік этика - Серіктестіктің лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері өз қызметінде басшылыққа алатын әдептілік қағидаттары мен іскерлік мінез-құлық нормаларының жиынтығы;
- 12) Жанжалдарды реттеу - Серіктестік жұмыскерлері арасындағы жанжалдардың алдын алуға немесе шешуге бағытталған рәсімдер кешенін жүзеге асыру.

«ОРТАЛЫҚ» Өндіруші кәсіпорны» ЖШС	Шығарылым: 2.0	Барлығы 6 бет _____ бет
«ОРТАЛЫҚ» Өндіруші кәсіпорны» ЖШС Омбудсмені туралы ЕРЕЖЕ	Көшірме № _____	

2. Ереженің мақсаты

2.1. Осы Ереже Омбудсмен институтының ұғымын, оны тағайындау шарттарын, оның міндеттерін, функцияларын, құқықтарын, міндеттері мен қызмет тәртібін айқындайды.

3. Ереженің қолданылу аясы

3.1. Осы Ереженің күші Омбудсменнің және Серіктестіктің барлық жұмыскерлерінің қызметіне қолданылады.

4. Жалпы ережелер

4.1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы заңнамасының, Серіктестік Жарғысының, Корпоративтік басқару кодексінің, Корпоративтік Әдеп кодексінің және Серіктестіктің ішкі құжаттарының ережелеріне сәйкес әзірленді.

4.2. Серіктестіктегі Омбудсмен институты бастамалар, шаралар және іс-қимылдар шеңберінде: Байқаушы кеңесінің 17.06.2022 жылғы шешімімен өзгерістер енгізілді (№18/22 Хаттама).

- серіктестіктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің корпоративтік (Іскерлік) әдеп нормалары мен қағидаттарын сақтауын қамтамасыз ету;

- серіктестік қызметкерлері арасындағы жанжалдардың, ұжымдық және жеке еңбек дауларының алдын алу және реттеу жөніндегі шараларды күшейту;

- Серіктестік имиджін жақсарту мақсатында құрылды.

4.3. Омбудсмен өз қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Серіктестік Жарғысына, Корпоративтік басқару кодексіне, Корпоративтік Әдеп кодексіне және Серіктестіктің ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

4.4. Омбудсменнің қызметін атқару орны, жұмыс шарттары мен еңбегіне ақы төлеу шарттары Байқаушы кеңесінің шешімімен айқындалады.

4.5. Серіктестіктің атқарушы органы, Серіктестіктің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, оның ішінде қауіпсіздік бөлімшелерінің жұмыскерлері, Серіктестіктің басқа жұмыскерлерінің Омбудсменге жүгінуіне, оған Корпоративтік (Іскерлік) әдеп нормаларын бұзу мәселелері, әлеуметтік-еңбек даулары мен жанжалдар жөнінде ақпарат жеткізуге кедергі келтірмеуге тиіс. Серіктестіктің барлық қызметкерлері Омбудсменге өз функцияларын орындау кезінде жәрдем көрсетуге тиіс және оның сұрау салулары бойынша ақпаратты уақтылы беруге міндетті.

5. Омбудсменді тағайындау және қызметінен босату тәртібі

5.1. Омбудсменді Байқаушы кеңесі "Қазатомөнеркәсіп "ҰАК" АҚ және/немесе серіктестіктің Бас директоры ұсынған кандидатуралар арасынан 3 (үш) жылға дейінгі мерзімге тағайындайды. Байқаушы кеңесі Омбудсменнің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Байқаушы кеңесінің 17.06.2022 жылғы шешімімен өзгерістер енгізілді (№18/22 Хаттама).

5.2. Омбудсмен тағайындау үшін кандидатқа келесі талаптар қойылады:

1) мінсіз іскерлік бедел;

2) жоғары бедел;

3) бейтарап шешімдер қабылдау қабілетінің болуы.

5.3. Омбудсменнің өкілеттік мерзімі екі жылды құрайды. Омбудсмен шексіз рет қайта сайлана алады.

«ОРТАЛЫҚ» Өндіруші кәсіпорны» ЖШС	Шығарылым: 2.0	Барлығы 6 бет _____ бет
«ОРТАЛЫҚ» Өндіруші кәсіпорны» ЖШС Омбудсмені туралы ЕРЕЖЕ	Көшірме № _____	

5.4. Байқаушы кеңесі Омбудсмен қызметінің нәтижелерін бағалайды және оның өкілеттігін ұзарту немесе тоқтату туралы шешім қабылдайды.

6. Омбудсменнің міндеттері

6.1. Омбудсменнің өз қызметі аясындағы міндеттері:

- Серіктестіктің лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің корпоративтік Әдеп кодексінің нормаларын сақтауын қамтамасыз ету, қажет болған жағдайда оның ережелерін түсіндіру;
- проблемалық әлеуметтік-еңбек мәселелерін шешуде лауазымды тұлғаларға, жұмыскерлерге және тұтастай серіктестікке жәрдем көрсету;
- Жұмыскерлерге, еңбек даулары мен жанжалдарға қатысушыларға кеңес беру, оларға заңнама нормаларының сақталуын, оның ішінде қажет болған жағдайда құпиялылықты ескере отырып, өзара қолайлы, сындарлы және іске асырылатын шешімді әзірлеуге жәрдем көрсету.
- ұжымдық дауларды, Серіктестік жұмыскерлері арасындағы еңбек дауларын, жұмыскерлер мен Серіктестіктің атқарушы органы арасындағы жеке еңбек дауларын шешуге қатысу;
- серіктестік қызметкерлерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау.

7. Омбудсменнің қызметтері

7.1. Өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін Омбудсмен келесі қызметтерді орындайды:

- Серіктестіктің атқарушы органының және Байқаушы кеңесінің қарауына жүйелі сипаттағы және тиісті шешімдер (кешенді шаралар) қабылдауды талап ететін өзі анықтаған проблемалық мәселелерді шығару оларды шешу үшін сындарлы ұсыныстар береді.
- Серіктестіктің лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлеріне корпоративтік Әдеп кодексінің талаптарына байланысты мәселелер бойынша түсініктеме беру;
- Байқаушы кеңесінің мүшелерін, атқарушы органды және Серіктестіктің лауазымды тұлғаларын Корпоративтік әдеп нормаларын бұзу фактілері, жүйелі сипаттағы анықталған проблемалық әлеуметтік-еңбек мәселелері туралы хабардар ету;
- Серіктестік жұмыскерлері арасындағы корпоративтік этиканы, әлеуметтік-еңбек қатынастарын және іскерлік қарым-қатынастарды сақтау саласындағы жүйелік проблемаларды шешу бойынша сындарлы ұсыныстар дайындау;
- Серіктестіктің Корпоративтік этика кодексін және оны іске асыруға бағытталған ішкі құжаттарын әзірлеуге және өзектендіруге қатысу;
- Серіктестіктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің корпоративтік (Іскерлік) әдеп қағидаттарын және корпоративтік Әдеп кодексін сақтауына мониторинг жүргізу;
- ұжымдық және жеке еңбек даулары мен жанжалдарға қатысушыларға тікелей кеңес беру;
- ұжымдық және жеке еңбек даулары мен жанжалдарын реттеуге қатысу;
- серіктестіктің атқарушы органына серіктестік қызметкерлерінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзудың алдын алу туралы ұсыныстар қалыптастыру.

8. Омбудсменнің құқықтары мен міндеттері

8.1. Омбудсмен құқылы:

- келіп түскен өтініштер негізінде де, өз бастамасы бойынша да Кодекс ережелерінің бұзылуын анықтау бойынша іс-шаралар жүргізуге бастамашылық жасауға;
- қызметкерлерге және серіктестіктің атқарушы органына тікелей жүгіну және олардан корпоративтік Әдеп кодексінің ережелерін сақтамау мәселелері бойынша түсініктемелер алу;

«ОРТАЛЫҚ» Өндіруші кәсіпорны» ЖШС	Шығарылым: 2.0	Барлығы 6 бет _____ бет
«ОРТАЛЫҚ» Өндіруші кәсіпорны» ЖШС Омбудсмені туралы ЕРЕЖЕ	Көшірме № _____	

- Серіктестіктің жұмыскерлері мен лауазымды тұлғаларына корпоративтік Әдеп кодексінің ережелерін түсіндіруге, ұжымдық және жеке еңбек даулары мен жанжалдарға қатысушыларға кеңес беруге, олардың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша өз пікірлерін жазбаша және ауызша жеткізуге;

- Серіктестіктің құрылымдық бөлімшелері мен жұмыскерлерінен корпоративтік Әдеп кодексінің, Еңбек даулары мен жанжалдарының ережелерін сақтамау мәселелері бойынша, сондай-ақ Байқаушы кеңесі үшін корпоративтік Әдеп кодексінің талаптарын сақтау туралы есеп жасау үшін қажетті ақпаратты сұратуға;

- Серіктестік органдарына корпоративтік (Іскерлік) әдеп нормаларын, әлеуметтік-еңбек қатынастарын, қызметкерлер арасындағы жанжалдар мен дауларды сақтау саласындағы жүйелі проблемаларды жою жөнінде ұсыныстар енгізу;

- жұмыскерлермен жеке және ұжымдық кездесулер өткізу, қажет болған жағдайда құпиялылық шарттарында олардан жазбаша және ауызша өтініштер, өтініштер мен шағымдар алуға құқылы.

8.2. Омбудсмен міндетті:

- атқарушы органның және Серіктестік жұмыскерлерінің корпоративтік Әдеп кодексінің ережелерін сақтамау фактілері бойынша мәселелер мен талқылауларды қарауға қатысу;

- ұжымдық және жеке еңбек даулары мен жанжалдарын шешуге қатысу;

- корпоративтік Әдеп кодексінің ережелерін сақтамау, Серіктестік жұмыскерлерінің заңды құқықтары мен мүдделерін бұзу мәселелері бойынша Серіктестік жұмыскерлерінің өтініштерін есепке алуды жүргізу;

- 5 (бес) жұмыс күні ішінде Серіктестік жұмыскерлеріне корпоративтік Әдеп кодексінің ережелеріне олар жүгінген жағдайда түсініктеме беруге;

- өз функцияларын жүзеге асыру кезінде тәуелсіздік пен ашық ойды сақтау;

- қажет болған жағдайда корпоративтік Әдеп кодексінің, еңбек дауының немесе жанжалдың ережесін бұзу фактісі бойынша жүгінген Серіктестік жұмыскерінің құпиялылығын қамтамасыз ету;

- жыл сайын есепті жылдан кейінгі екінші айдың бірінші күнінен кешіктірілмейтін мерзімде атқарылған жұмыс және корпоративтік Әдеп кодексінің талаптарын сақтау туралы есепті Байқаушы кеңесінің қарауына ұсынуға;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Ережеде және Серіктестіктің басқа да ішкі құжаттарында көзделген, Серіктестік жұмыскерлерінің бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөнінде шаралар қабылдау;

- Тәуелсіздік, адалдық, құпиялылық, әділдік, парасаттылық, объективтілік және бейтараптық қағидаттарын сақтай отырып әрекет етуге міндетті.

9. Омбудсменнің қызмет тәртібі

9.1. Серіктестік жұмыскерлері Омбудсменге жеке өзі немесе сенім телефоны немесе электрондық пошта арқылы хабарласа алады (ombudsman@dportalyk.kazatomprom.kz) Серіктестік жұмыскерлерінің заңсыз және этикаға жат әрекеттері туралы, оның ішінде құпиялылық шарттарында. Мұндай хабарлама болған жағдайда өтініш берушінің құқықтарына қысым жасалмауға тиіс. Сондай-ақ, жоғарыда аталған хабарламалар өзінің тікелей басшысына жіберілуі мүмкін, ол өз кезегінде оларды омбудсменге жіберуге міндетті.

9.2. Қарау нәтижелері мен қабылданған шешімдерді Омбудсмен не Байқаушы кеңесі шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүгінген қызметкерге хабарлайды. Омбудсмен мен Байқаушы кеңесінің мүшелері Кодекс талаптарын бұзу туралы мәліметтерді қараудың құпиялылығына кепілдік береді.